

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ DAҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғанибаева Байян Шарипбай қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетің PhD докторанты

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.21917460>

Аннотация: Мақалада бастауыш сынып оқушыларының лексикалық дағдыларын қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылған. Лексикалық дағдылардың оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы ролі айқындалып, бастауыш білім беру жүйесіндегі сөздік жұмысының ерекшеліктері талданды.

Кіліт сөздер: бастауыш білім беру, лексикалық дағдылар, сөздік қор, тілдік құзыреттілік, түсіндірме сөздік, оқу сауаттылығы, сөздік жұмысы.

Аннотация: В статье рассматриваются теоретические и практические основы формирования лексических навыков у учащихся начальных классов. Определена роль лексических навыков в развитии языковой компетенции обучающихся, а также проанализированы особенности словарной работы в системе начального образования.

Ключевые слова: начальное образование, лексические навыки, словарный запас, языковая компетенция, толковый словарь, читательская грамотность, словарная работа.

Abstract: The article examines the theoretical and practical foundations of developing lexical skills in primary school students. It identifies the role of lexical skills in the development of students' language competence and analyzes the characteristics of vocabulary instruction in the primary education system.

Keywords: primary education, lexical skills, vocabulary, language competence, explanatory dictionary, reading literacy, vocabulary instruction.

Бастауыш білім беру кезеңінде оқушылардың тілдік құзыреттіліктерін, яғни тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Себебі осы кезеңде оқушылар күнделікті қолданыстағы сөздер мен алғашқы әдеби сөздерді меңгеру арқылы өздерінің сөздік қорын қалыптастыра бастайды. Лексикалық дағдыларды дамыту оқушылардың ауызша және жазбаша тілін байытып қана қоймай, олардың ойлау қабілетіне, қарым-қатынас мәдениетіне және білімді меңгеру үдерісіне тікелей әсер етеді. Сондықтан бастауыш сынып сабақтарында сөздік қорды молайту және лексикалық бірліктерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру маңызды әдістемелік міндеттердің бірі болып саналады.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының лексикалық дағдыларын дамыту мақсатында түрлі әдістер мен педагогикалық технологиялар тиімді қолданылып келеді. Атап айтқанда, көрнекі құралдарды пайдалану арқылы жаңа сөздерді меңгерту, орфографиялық сөздікпен жұмыс жүргізу, әліппе және оқу сабақтарындағы мәтіндерді талдау арқылы оқушылардың сөздік қоры жүйелі түрде кеңейтілуде. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларына үйретілетін лексикалық бірліктердің көлемін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Өйткені бастауыш мектепте қалыптасқан лексикалық дағдылар жоғары сыныптарда меңгерілетін білімнің берік іргетасы болып табылады.

Бастауыш білім беру жүйесінде Мемлекеттік білім беру стандарты мен оқу бағдарламалары оқушылардың білімді кезең-кезеңімен және жүйелі түрде меңгеруін көздейді. Осы стандартқа сәйкес бастауыш сынып оқушылары А1 деңгейіндегі тілдік құзыреттілікті игеруі тиіс, ал ана тілін тереңдетіп оқытатын және мамандандырылған сыныптардың оқушылары А1+ деңгейіне жетуі қажет.

Бастауыш сынып оқушыларында қалыптастырылатын негізгі және пәндік (тілдік және сөйлеу) құзыреттіліктердің ішінде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары лексикалық дағдылармен тығыз байланысты. А1 және А1+ деңгейлеріне қойылатын талаптарды толық меңгеру оқушылардың сөздік қорын байытуға және сөз мағынасын дұрыс түсінуіне тікелей тәуелді. Сондықтан лексикалық дағдыларды мақсатты түрде дамыту оқушылардың аталған деңгейлерге қол жеткізу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады.

Кейбір тілтанушы ғалымдар оқылым мен тыңдалымды пассивті (рецептивті), ал жазылым мен айтылымды белсенді (продуктивті) дағдылар ретінде қарастырады. Алайда Ф. Смит оқуды белсенді когнитивтік үдеріс деп есептейді. Оның пікірінше, оқушы баспа мәтінінен мағына шығарып,

тақырыпты мәтін мазмұнымен байланыстырады, алынған ақпаратты талдайды және түсіндіреді. Ал айтылым мен жазылым арқылы өз ойын басқаларға жеткізеді. Сондықтан тілдік әрекеттің барлық түрлері бір-бірімен өзара тығыз байланыста дамиды.

С. Lee мен D. Pulido жүргізген зерттеулер сөздік қордың оқып түсіну дағдысының дамуына елеулі ықпал ететінін дәлелдейді. Ал С. М. Камалованың пікірінше, оқушылар сөздік қорын ерте жастан бастап күнделікті қарым-қатынас барысында қалыптастырады. Бұл кезеңде олар жаңа сөздерді меңгеріп қана қоймай, оларды түрлі жағдаяттарда орынды қолдануға дағдыланады.

Л. С. Выготский жаңа меңгерілетін сөздердің оқушылардың жас ерекшелігі мен даму деңгейіне сәйкес келуі қажеттігін атап көрсетеді. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқытуда ойын технологиялары мен көрнекілікке негізделген әдістердің жоғары тиімділігін негіздейді.

Ана тілі мен оқу сауаттылығы сабақтарында оқушылар түрлі мәтіндер, өлеңдер мен әңгімелер арқылы жаңа сөздермен танысады. Бұл үдерісте мұғалімнің міндеті тек сөздің лексикалық мағынасын түсіндірумен шектелмей, оны әртүрлі тілдік жағдаяттарда қолданудың жолдарын көрсету болып табылады. Себебі жаңа сөздердің ұзақ мерзімді жадта сақталуы үшін олар бірнеше рет әртүрлі контексте қайталанып қолданылуы қажет.

Зерттеу барысында бастауыш сынып оқулықтарына талдау жүргізіліп, ондағы лексикалық бірліктерді меңгерудің мазмұны қарастырылды. Талдау нәтижелері оқулықтарда жаңа сөздердің мағынасын түсіндіруге белгілі бір деңгейде көңіл бөлінгенімен, оларды бекітуге арналған жүйелі жаттығулардың жеткіліксіз екенін көрсетті. Кейбір мәтіндердің соңында жаңа сөздердің түсіндірмесі берілгенімен, оларды оқушылардың белсенді сөздік қорына енгізуге бағытталған тапсырмалар өте сирек кездеседі.

Мысалы, 1-сыныпқа арналған «Оқу сауаттылығы» оқулығында әр тақырып негізінен 4–5 тапсырмадан тұрады және олардың басым бөлігі мәтіннің мазмұнын түсінуге бағытталған. Ал түсіндірме сөздіктегі жаңа сөздермен жұмыс жасауға, оларды сөйлем мен мәтін құрамында қолдануға арналған жаттығулардың саны шектеулі. Бұл жағдай оқушылардың лексикалық дағдыларын терең әрі жүйелі қалыптастыруға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқулықтарында күрделі және әдеби сөздердің саны салыстырмалы түрде аз екенін көрсетті. Сондықтан қолданыстағы сөздерді түрлі контексте үйретіп, оларды арнайы жаттығулар арқылы бекіту қажет. Мәселен, Т.Ғаффорова, Ш.Нуруллаева және З.Мирзахакимова авторлығымен жарық көрген 2018 жылғы 2-сыныпқа арналған «Оқу кітабы» атты оқулығында жаңа сөздер оқулықтың соңында әліпби ретімен берілген сөздік түрінде ұсынылған. Ал У.Б.Айдарова авторлығымен дайындалған 2023 жылғы «Оқу сауаттылығы» атты оқулығында сөздік тек мәтін немесе өлеңнен кейін ғана беріліп, оқулық соңында жинақталған сөздік кездеспейді. Сонымен қатар оқулықта меңгерілген барлық лексикалық бірліктерді қайталауға арналған тұтас сөздік пен жүйелі жаттығулар жеткіліксіз. Ал ана тілі оқулықтарында түсіндірме сөздік мүлде берілмеген. Ғалымдардың пікірінше, бастауыш сынып оқушыларына бір сабақ барысында 4–6 жаңа сөзді меңгерту тиімді болып табылады. Жаңа сөздермен жүйелі жұмыс жүргізілмеуі оқушылардың сөздік қорының жұтаң болуына және мәтінді түсіну деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Себебі сөздік қор тек коммуникативтік қызметті ғана емес, сонымен бірге оқылым, жазылым және тыңдалым дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының лексикалық дағдыларын қалыптастыру мәселелері тек өзбек тілін ғана емес, басқа тілдерді оқыту үдерісінде де өзекті екенін көрсетті. Мысалы, қазақ тілін оқыту барысында мұғалімдер негізінен «Әдебиеттік оқу» және «Ана тілі» оқулықтарын басшылыққа алады. Тілді меңгеру кіріктірілген үдеріс болғандықтан, басқа пәндердің мүмкіндіктерін де жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, дәл осы оқулықтар бастауыш сынып оқушыларының лексикалық дағдыларын қалыптастырудың негізгі оқу құралдары болып табылады.

«Әдебиеттік оқу» оқулығында мәтіндер мен өлеңдермен қатар олардың авторлары жөнінде қысқаша мәліметтер мен сызбалар берілген. Бұл оқушыларға көркем сөздерді меңгерумен бірге жазушылардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік береді. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің еңбектерін оқу оқушылардың оқу-танымдық қызығушылығын арттырып, тәрбиелік және білімдік мақсаттардың тиімді жүзеге асуына ықпал етеді. Сонымен қатар әрбір тақырыпта 6–7 тапсырманың берілуі оқушылардың тақырып бойынша тереңірек жұмыс істеуіне жағдай жасайды. Мәтіндердегі немесе өлеңдердегі әдеби сөздердің түсіндірмесі тақырып соңында ұсынылады.

«Әдебиеттік оқу» пәні Қазақстанда 2-сыныптан бастап оқытылады. Б.Т.Қабатай, Б.Қ.Қалиева және Ұ.К.Зейнетоллина авторлығымен жарық көрген 2022 жылғы «Атамұра» баспасының 2-сынып оқулығында оқушыларды «Сөз әлеміне саяхат» тұжырымдамасы негізінде оқыту көзделген. Бұл тұжырымдама оқушылардың көркемдік ойлауын қалыптастыруға және сөз өнерін меңгерудің алғашқы баспалдағы ретінде маңызды рөл атқарады.

Ал «Ана тілі» оқулығы 1-сыныптан бастап оқытылады. Бұл оқулықта грамматикалық материалмен қатар сөздік жұмысы да жүйелі ұйымдастырылған. Әр сабақ белгілі бір тақырып пен үш тапсырмадан тұрады. Мәтін құрамындағы жаңа сөздер түсіндірме сөздік арқылы беріліп, оқулық соңында әліпби ретімен орналасқан қосымша түсіндірме сөздік ұсынылған.

Өзбекстанның жалпы орта білім беретін мектептеріне арналған 1-сыныптың «Ана тілі» оқулығында түсіндірме сөздік жүйесі жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Дегенмен, оқулықта оқушылар меңгеруі тиіс әдеби сөздер кездеседі. Мысалы, «Сөйлеу. Мәтін. Сөйлем» тақырыбындағы мәтінде *e'zozlaydilar* (қадірлейді), *qiyoslaydilar* (салыстырады), *ko'rk* (көрік), *rizq-ro'zimiz* (несібеміз) сияқты сөздер берілген. Бұл сөздерге оқушылардың назарын аударып, оларды түрлі контексте қолдануға арналған жаттығулар ұйымдастыру жаңа сөздерді белсенді сөздік қорға енгізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылар осы сөздерді өз сөзінде орынды қолданып, ойын нақты әрі сауатты жеткізу дағдысын қалыптастырады.

2-сыныпқа арналған У. Б. Айдарова авторлығындағы «Оқу сауаттылығы» оқулығы төрт бөлімнен тұрады, әр бөлім үш тарауға бөлінген. Оқулықпен бірге әзірленген жұмыс дәптері оқушылардың оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған. Ондағы тапсырмалар оқулық мазмұнымен тығыз байланысты және оқушылардың тақырыпты тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқулықта қоршаған орта туралы түсініктерді кеңейтуге, оқу, жазу, тыңдалым және ауызша сөйлеу сияқты негізгі тілдік құзыреттерді дамытуға ерекше назар аударылған. Бұл мазмұн Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына толық сәйкес келеді.

Сонымен бірге зерттеу барысында жұмыс дәптерлерінде жаңа сөздерді бекітуге арналған жаттығулардың жеткіліксіз екендігі анықталды. Мысалы, «Өзбек ұлттық қолөнері» тақырыбынан кейін түсіндірме сөздікте *mo'hir* (шебер), *hunarmand* (қолөнерші), *ko'nchilik* (тері өңдеу кәсібі) сөздерінің анықтамалары берілген. Ал жұмыс дәптерінде тек «Қолөнер – алтын, жаттығу – гауһар» тақырыбымен «*Қолөнерші*» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз деген бір ғана тапсырма ұсынылған. Мұндай тапсырма сөздің мағынасын толық меңгеруге және оны әртүрлі жағдаятта қолдану дағдысын қалыптастыруға жеткіліксіз. Сонымен қатар басқа жаңа сөздерге арналған жаттығулар мүлде берілмеген. Бұл жағдай бастауыш сынып оқушыларының лексикалық дағдыларын қалыптастыруда жүйелі әдістемелік жұмыстың қажеттілігін көрсетеді.

Сөз – тек қарым-қатынасты жүзеге асыратын негізгі тілдік бірлік ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудың маңызды құралы. Білім беру де, тәрбие беру де сөз арқылы жүзеге асады. Сондықтан лексикалық бірліктермен жүйелі жұмыс жүргізу және оқушылардың лексикалық дағдыларын жетілдіру оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Жаңа сөздердің оқушылардың белсенді сөздік қорына енуі үшін олар әртүрлі контексте бірнеше рет қайталанып қолданылуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа сөздердің мағынасын «Өзбек тілінің түсіндірме сөздігі» арқылы түсіндіру тиімді әдістердің бірі болып табылады. Себебі түсіндірме сөздік сөз мағынасын нақты әрі дәл меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы:

- *mo'hir* – жоғары шеберлікке ие, ісмер;
- *hunarmand* – қолөнермен айналысатын шебер;
- *ko'nchilik* – мал терісінен былғары дайындаумен айналысатын қолөнер саласы.

Сонымен қатар зерттеу барысында мәтіндерде кездесетін басқа да бірқатар сөздерді оқушыларға арналған түсіндірме сөздік құрамына енгізу ұсынылады. Бұл оқушылардың сөздік қорын байытып, жаңа сөздерді белсенді қолданысқа енгізуге мүмкіндік береді.

Демек, бастауыш білім беру жүйесінде лексикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жұмысты жетілдіру, оқулықтардың мазмұнын жүйелі сөздік жұмыстарымен толықтыру және оқытудың тиімді технологияларын енгізу оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырып, білім сапасын жақсартудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. F, Smith. "Learning to read by reading". Language Arts, (1976). 297-322.

2. Lee, S., and Pulido, D. The impact of topic interest, L2 proficiency, and gender on EFL incidental vocabulary acquisition through reading. *Language Teaching Research*, (2017). 118-135.
3. Vygotsky L.S. *Mind in Society*-Harvard University Press, 1978.-85 p
4. B.T. Qabatay, B.Q.Qaliyeva, U.K.Zeynetollina “Әдебиеттік оқу” 2 sinf. Almati “Atamura” 2022.
5. U. B.Aydarova “O‘qish savodxonligi” darsligi 2-sinf 1-qism. Toshkent-2023.